



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

алқа ретінде қалғаны бас киімге тігілген (Алехин Ю.П., 1998, 201-202 бет). Табылған олжалардың ішінде солдан оңға жүріп бара жатқан бұғы бейнеленген қола айылбас бар. Кондратьев IV қорғандар тобының № 2 қорғанындағы айылбастағы бұғының стилдік бейнелеуі Қарақаба I қорғандар тобының № 9 қорғандағы айылбас ұқсас. Қимақ ақсүйегіне тұрғызылған қорған IX-X ғасырға жатқызылады.

Зооморфты зергерлеу типінің ортағасырлық көшпенділер өнерінде өз ықпалын жойып, екінші орынға түскеніне қарамастан, бұғы бейнесін қимақтар кезіндегі жерлеуде кездестіруге болады.

Зевакин қорғанын қазу кезінде № 254 қорғанынан Ф.Х. Арслановамен белдікке тағылатын жүгіріп бара жатқан бұғы мен оны қуған екі арыстан бейнесі бар 12 ұштық (айылбастар) табылды (Арсланова Ф.Х., 2013, 44 б.). Сол жылдары Шемонайха ауданы, Орловка аулына қарсы беттегі қорғанды Арсланова Ф.Х. қазды. Бұл жерден былғары белбеудің бөлігі, төртбұрышты айылбастың орны мен өзекшелері сақталып қалынған (Арсланова Ф.Х., 2013, 191 б.). Былғары белбеудің реконструкция нәтижесінде айылбаста бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі бұғы бейнесін көруге болады. Айылбас санын, белдік ұштарын, олардың бекіту тәсілдерін ескере отырып автор оларды түркілердің ерте типтегі белдіктеріне жатқызады, ал жерлеудің өзі VIII-IX ғасырға жатқызады. Тағы бір ұқсастық ретінде Алтайдағы Ұзынтал қорымының № 2 қорғанында табылған белдік ұштарын атауға болады. Беткі жағында «өсінділер арасында шоғырланған кермарал» бейнеленген (Савинов, 1982, 107 б.). Ұзынтал қорымы IX-Xғ жатады.

Осы мақалада біз Қарақаба I қорымының № 9 қорғанынан табылған археологиялық материал негізінде ортағасыр көшпенділер өнеріндегі бұғы бейнесін көрсетуге әрекеттендік. Бұғы бейнесі, басқада зооморфты әрлеу типі сияқты ортағасырлық көшпенділер өнерінде екінші орынға ауысып, өсімдік типті өрнектерге орын берді. Бұғы бейнесі көне түркілердің діни, мифологиялық әлемінің көрнісі болып табылады. Белгілі себептердің бірі бұғының Дүние ағашымен байланысы.

Қолданылған әдебиет:

1. Алехин Ю.П. Курган кимакской знати на Рудном Алтае // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. – Барнаул, 1998 – С. 201-203
2. Арсланова Ф.Х. Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т.3. – Астана, 2013. – с. 405
3. Горбунова Т.Г. Наконечники ремней конского снаряжения раннесредневековых памятников Алтая (классификация и типология) // Древности Алтая. Межвузовский сборник научных трудов – Вып. 11. – Горно-Алтайск, 2003. – С. 112-123
4. Король Г.Г. Искусство средневековых кочевников Евразии. Очерки. – М.; Кемерово: Кузбассвуиздат, 2008, с. 332.
5. Савинов Д.Г. Древнетюркские курганы Узунтала // Археология Северной Евразии. – Новосибирск, 1982. – С. 102-122
6. Самашев З., Чотбаев А. Е., Жалмаганбетов Ж.М., Хасенова Б.М., Киясбек Г., Ахметов М.Г. Исследования древнетюркских памятников на Каракабе // Труды филиала Института археологии им. Ах. Маргулана в г. Астана. Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана 2012. – Т.2. 302 с. – 167-167 сс.

УДК 902

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР-ТӘУЕЛСІЗДІК ДІНГЕГІ

Балчих Айтолқын Өмірбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3 курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент Ұ.Ұ.Үмітқалиев.

Өскелең ұрпақтың өн-бойындағы ұлттық сана-сезімнің қандай болуы, ұлттық тарихты білуіне тікелей байланысты. Кез келген ұлт өзінің жүріп өткен жолына қарап, қазіргісіне тәубе етеді, болашағын болжайды. Қазақ елі үшін өткен тарихты ойлағанда, өкініші мен қуанышы көп екені хақ. Өкініші – ұлт басына ауыр күн туған кезеңдердің, зұлмат оқиғалардың болуымен қатар, ең алдымен сол тарих беттерінің шынайылығының бұрмалануы болып табылады. Азаттық алғалы бері, елбасымыздың кемел саясатының арқасында, төл тарихымыз зерттеліп те, жазылып та жатыр. Президентіміздің «Қазақстан-2050» стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» екенін тайға таңба басқандай анық атап көрсетті. Әр ұлттың діңгегі, түп негізі - тарихы мен мәдениеті, тілі мен діні, ділі, мәдени мұрасы болып табылады. Қазақ даласының тарихы Жібек жолымен тығыз байланысты. Ұлы Жібек жолы- адамзат баласы өркениетінің теңдесі жоқ тарихи ескерткіші. Ол көп ғасырлыр бойы өз құрамына кіретін елдер мен халықтардың экономикаларының, мәдениеттерінің дамуында басты рөл атқарды. Құрлықтарды жалғап жатқан бұл жол II ғасырдан бастап Еуропа мен Азия арасын біріктірген көпір болды, Шығысты Батыспен байланыстырды. Ортағасырлар кезеңінде Қазақстанда гүлденген ондаған қалалар өмір сүрді. Олардың тамаша архитектуралық үйлесімділіктері, сарайлары, мешіттері, ұлық мавзолейлері, медреселері кімді болмасын таң қалдырмай қоймас. Қалалардың барлығында архитектура мен өнер дамыды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері 23 жыл ішінде ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне 10 тарихи және мәдени ескерткіштері енгізген. Олардың арасында Қожа Ахмед Яссауидің сәулеттік кешені, Ясы-Түркістан қалашығы бар. Сондай-ақ, 900 гектарды алып жатқан Таңбалы археологиялық ландшафтына кірген. Әлемдік мұра қатарына Балхаш ауданындағы Қарамерген қалашығы, Сарқанд ауданындағы Қойлық қалашығы, Талғар ауданындағы Талхис қалашығы да енген. Ескерткіштердің барлығының сан ғасырлық тарихы бар мәдени кешендер. Мәселен, Бақанас аулынан 200 шақырым жерде орналақан Қарамерген қалашығы- тарихи бай қала. Археологтардың зерттеу нәтижесінде, әртүрлі елдер жасалған заттар, сонымен қатар жергілікті халықтың тұрмыс- тіршілігі жайлы көптеген мәліметтер алынды. [1, 80 б.]

Ал, Қойлық немесе Қаялық деп аталып кеткен қалашық – Жетісу жерінде орналасқан аса ірі ежелгі қала. Әртүрлі деректер бойынша 11 ғасырдан бастап белгілі, бір кезде ол Қарлұқ қағаны — Арыслан ханның ордасы болған. Франция королі IX Людовиктің елшісі Вильгельм де Рубрук Қойлықта 1253 жылы күзде болыпты. Қазақстан ҒА археологиялық зерттеулер Қойлықтың орны Лепсі алабындағы Антоновка аулындағы қираған құрылыстар екенін анықтады. Мұнда 1964 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы барлау жұмыстарын жүргізілген. 1997 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізілген. Қаланы қоршаған дуалдың биіктігі 3,5—4,5 м. Бұрыштарының сұлбасы дүниенің төрт тарапынан бағыттас орналасқан төртбұрышты төбе ретінде орналасқан. Солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 1200 м, оңтүстік-батыс қабырғасының ұзындығы 750 м. Сыртқы қабырғасының бойында, бір-бірінен 30—40 м қашықтықта орналасқан дөңгелек мұнаралардың қалдықтары сақталған. Олардың кейбіреулерінің қазіргі биіктігі 6—8 м-ге жетеді. Қойлықтың орнын қазғанда 1—14 ғасырлардағы қала адамдарының тұрақтары, қыштан жасалған ыдыс-аяқтар —құмыралар, көзелер, кеселер табылды. Одан табылған қола теңгелер қаланың 8—14 ғасырларда ірі өркениет орны болғанын дәлелдейді. Соңғы жылдары қала аумағынан бірнеше тұрғын үй, будда ғибадатханасының орны ашылған. Сондай-ақ кейінгі жылдардағы қазба жұмыстары нәтижесінде мешіт орындары да табылған. Олардың құрылысы мен жобасы Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде Отырар алқабындағы мешіттерге өте ұқсас. Соған қарағанда мұндағы ислам дініне енген қауымдастықтардың орталығы Отырар төңірегінде болған сияқты. Қазба жұмыстарына дейін бұл шаршы пішінді, биіктігі 3 м дейінгі, құлаған төбешік болатын. Бақылап қарағанда сыртқы қабырғалар айқын көрінетін. Нысанның батыс бөлігі

анағұрлым жазық болып келеді. Шамасы, осы жерде аула орналасқан және үй-жайға кірер есік болса керек. Қазбаның жалпы ауданы 540 шаршы метр. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде үй-жай құрылысы сыртқы қалық қабырғадан және ішкі жайлардың кешенінен тұрғаны анықталды. Құрылыс, ортасында қиылысатын, ені 1 м болатын қабырғалармен тең төрт бөлікке бөлінген. Әрбір ширегі бірнеше бөлмелерден тұрады. Үйге кіретін есік оңтүстік-батыс жағында орналасқан. Үйдің аршылған құрылыс құрылымы XIII ғасыр кезеңіне жатқызылды. Үй-жай еденге кіріктірілген және жылытылған. Оның құрылысы үшін ені 30 см, тереңдігі 13 см дейінгі науа орнатылған. Белгілі бір аралықтан (20-дан 100 см дейін) соң науаға тастар - тасты жыныстың ірі сынықтары қаланған. Сірә, тастар тек негіз ғана болмаған, қанды нивелирлеуді де реттеп отырған. Тастарға өңделген жайпақ ағаш кеспелтек орнатылған. Ағаш кеспелтек ашық қалған. Түтіндіктің сыртқы қабырғалары тікбұрышты немесе дөңгелек пішінді (диаметрі 20-30 см) болған. Түтіндік қыздырылған, ыс жоқ. Бірнеше жағдайларда тік орналасқан, беткі қабатынан үрлеп-тазарту ойықтары байқалған. Қабырғаларды тұрғызуға өңделмеген кірпіштер, сондай-ақ олардың сынықтары пайдаланылған. Жайлардың қабырғалары сыланған, кейбірі әктелген. Қойлық кесенелері - негізгі қасбеті көрнекті күмбезді кесенелерге жатады. Қасбеттік кесене - бұл негізгі кіру жағы бар ғимарат, портал сияқты безендірілген, басқа қасбеттерден ерекше сәнді және кейде, портал-пештак сияқты, олардан көтеріңкі болады. Бұл бір ғана негізгі жағынан келуге есептелген кесенелер. Кесенелерден мұсылман ғұрпымен жерленген алты қабір табылды. Исламның қағидаларына сәйкес, қабірге заттар салынбайды, бірақ ережеден ауытқу кездеседі. Бір қабірде әйелдің қаңқасымен қоса, алтын әшекейлер: екі жүзік, сырға, іші бос шариктерден салпыншақтар, сондай-ақ бирюза мен бисер әшекейлер табылған. Әшекейлер, сондай-ақ мәйіттің сүйегі оралған бай жібек савандардың жақсы сақталған көлемді үзіктері, жерленген орынның өзі де (қасбеті күйдірілген сарысаздан ойып жасалған белдеумен әшекейленген басты кесененің жаны) жерленгендердің әлеуметтік жағдайының жоғарылығын білдіреді. Зираттың құрылысы былай орналасқан: оның қабырғалары жуан, 20 см дейін және одан астам, бөрененің екі бөлікке араланған ағаш кеспелтектерімен нығайтылған. Мәйіттер бөренеге сүйенген жалпақ ағаш тақтайға жатқызылған. Олардың үстінен жалпақ жұқа тақтайлар төселіп, сонан соң көлденең бөренелер қатарымен жабылған. [2, 28-31 б.]. Сондай-ақ, сақтар мен үйсіндердің тұрмыс салты жайлы Талғар қаласының маңындағы қоныстардан көруге болады. Қалашықтан қоладан жасалған шырақ, күміс және мыс ақшалар, қола айналар табылған. [3, 54-61 б.]

Бұл әлемдік мәдени мұралар қатарына еніп, тарих бетінде қалған қалалар ғана. Төл мәдениетіміз- біздің төл тарихымыз, атадан қалған асыл мұрамыз. Әлі күнге толық қанды зерртеліп, құпия сырлары ашылмаған көне жәдігерлеріміз жетерлік. Олардың барлығы кешенді зерттеліп, қорғауға алынса игі. Келешекке кемел біліммен баратын жастардың өресі осы құндылықтарымызбен толықтырылмақ. Көне қалалар-бұл біздің төл мәдениетіміз. Өз мәдениетіміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік бүкілқазақстандық мәдениет болып қала бермек!

Қолданылған әдебиет:

1. К.М.Байпаков. : «Қазақстанның ежелгі қалалары». –Алматы: Аруна баспасы, 2005. -316 б.
2. Т. К.М.Байпаков, Д.А.Воякин. : «Казахстанский отрезок Великого Шелкового пути в серийной номинации ЮНЕСКО».-Алматы: НИО «Археологическая экспертиза»,2011.-152 б.
3. В.Савельева. : «Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII–XIII вв».-Алматы: Ғылым баспасы, 1994.-216 б.

УДК 902

ПРОБЛЕМА ПРОИСХОЖДЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО РЕЗНОГО СТЕКЛА В